

Сынып жетекші:	Хасенова Г. А	
Күні:	27.01.2025	
Сынып: 8		
Сабақтың тақырыбы:	<p>«Заң және тәртіп» құндылығы</p> <p>«Реттеушінің белгілері» ЖЖЕ №5</p> <p>«Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол»</p>	
Мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушыларды заң мен тәртіптің маңыздылығын түсінуге және оған құрметпен қарауға үйрету • Қоғамда тәртіп сақтау мен заңға бағынудың жеке және қоғамдық өмірге тигізер пайдасын көрсету • Құқықтық сауаттылықты және жауапкершілік сезімін қалыптастыру • Күмәнді жағдайларда дұрыс шешім қабылдау тәсілдерін үйрету. • Салауатты және қауіпсіз өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсіндіру. • Өмір қауіпсіздігіне қатысты қажетті дағдыларды дамыту. 	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Сәлемдесу: Армысыздар, қымбатты оқушылар! Сіздерді көргеніме қуаныштымын! Барлықтарыңыздың жүздеріңізден күлімсіреу көрініп тұр! Керемет!</p>	Оқушылар жұдырық түйістіру арқылы бір біріне достық ықыластарын білдіреді.		Көңілді әуен
Сабақтың ортасы	<p>«Ой қозғау» «Тәртіпсіз ел болмайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіріп, оқушылардың ойын сұрау.</p> <p>Кіріспе бөлім: Мұғалім сөзі: «Заң – қоғамның тәртібін реттейтін құрал. Егер әр</p>	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	Оқушылар бірін-бірі бағалайды	Ақ қағаз, фломастерлер

азамат заңға бағынса, қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылық орнайды.»

Сұрақтар:

«Заң дегенді қалай түсінесіздер?»

«Тәртіп бұзудың қандай салдары болуы мүмкін?»

Негізгі бөлім:

Тапсырма:

Ой қозғау

Оқушыларға төмендегі сұрақтар қойылады:

«Заң мен тәртіпсіз қоғам қандай болар еді?»

«Тәртіп сақтау кімге және не үшін қажет?»

Тапсырма

Топтық жұмыс

Топтарға бөлініп, әр топқа сұрақ беріледі:

Топ 1: «Заңды сақтау – бейбіт өмір кепілі» дегенді түсіндір.

Топ 2: «Тәртіп бұзу қоғамға қалай әсер етеді?»

Топ 3: «Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін не істеу керек?»

Тапсырма

Құқықтық жағдаяттарды талдау

Оқушыларға өмірден алынған қысқа құқықтық жағдаяттар беріледі.

Мысалы: «Оқушы сабақтан кейін көшеде қоқыс тастады. Бұл қандай тәртіп бұзушылық? Оған қандай шара қолданылуы мүмкін?»

Жауаптар талқыланады.

Әр топ өз ойларын постер немесе қағазға жазып, таныстырады.

Әр жағдаят бойынша оқушылар өз пікірлерін айтып, заңға сәйкес шешімін ұсынады.

Оқушылар бір - бірінің жұмыстарын бағалайды

**Жолда жүру ережесі
Реттеушінің белгілері және
жолда жүру ережелері**

Реттеуші жол қозғалысын арнайы белгілер арқылы басқаратын адам. Реттеушінің негізгі міндеті – жолдағы қозғалысты реттеу, кептелістерді болдырмау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Реттеуші белгілері:

1. Реттеушінің қолы төмен түсірілген немесе еркін күйде тұр:

Барлық бағыттағы қозғалыс тоқтайды.

2. Реттеуші екі қолын екі жаққа созып тұр:

Реттеушіге оң жақ және сол жақ бағыттан келетін көліктер тоқтайды.

Алдыңғы және артқы жақтан келетін көліктер қозғалысын жалғастырады.

3. Реттеушінің бір қолы жоғары көтерілген:

Барлық қозғалыс тоқтайды.

Бұл белгі көбінесе жаңа қозғалыс ретін бастау үшін қолданылады.

4. Реттеуші бір қолын алға созып, екінші қолын төмен түсіріп тұр:

Реттеушіге оң жақтан келетін көліктер тоқтайды.

Сол жақтан келетін көліктер жүре алады.

Қосымша белгілер:

Ысқырық:

Реттеуші ысқырық арқылы да назар аударып, қозғалысты басқарады.

	<p>Жарық бергіш таяқша: Түнгі уақытта немесе көріну деңгейі төмен кезде реттеуші жарық бергіш құрал қолданады.</p> <p>Реттеушінің белгілерін түсінудің маңызы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жол қозғалысы қатысушылары арасындағы тәртіпті сақтайды. 2. Жол-көлік оқиғаларын болдырмайды. 3. Реттеушінің белгілері бағдаршам істемеген немесе авариялық жағдайларда қажет. <p>Жолда жүру ережесіне сәйкес реттеушінің белгілері: Реттеушінің бұйрықтары бағдаршам мен жол белгілерінен басым. Реттеушінің іс-әрекетіне назар аудару жол қозғалысына қатысушылардың міндеті болып табылады. Мысал: Егер бағдаршам жасыл түсті жанғанымен, реттеуші қозғалысты тоқтату белгісін берсе, қозғалыс тоқтатылады.</p> <p>Қауіпсіздік кеңестері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Реттеушінің әрбір қимылына мұқият болыңыз. 2. Егер реттеушінің әрекеттері түсініксіз болса, күтуге және мұқият болуға тырысыңыз. 3. Жаяу жүргіншілерге арналған белгілерді ұстаныңыз. <p>Реттеушінің белгілерін білу – жолдағы қауіпсіздік кепілі!</p>			
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытынды бөлім :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Рефлексия: «Мен бүгін не үйрендім?» «Заң мен тәртіпке қалай үлес қоса аламын?» 2. Қорытынды сөз: Мұғалім: «Заң мен тәртіп – кез келген елдің тұрақтылығы мен дамуының негізі. Әрқайсымыз заңды сақтап, тәртіпті болсақ, қоғамымыз гүлдене түседі.» 	<p>Оқушылар ақ қағазға өз ойларын қысқаша жазады</p>		<p>Ақ қағаз</p>

	<p>3. Тәрбиелік үндеу: «Тәртіпті болу – өзіңе және қоғамға деген құрмет.»</p>			
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. Білімді өзектендіру: 1. Сұрақтар: "Күмәнді жағдай" дегенді қалай түсінесіздер?</p> <p>Салауатты өмір салтының негізгі ережелері қандай?</p> <p>Өзіңізді қауіпті жағдайдан қалай қорғай аласыз?</p> <p>2. Ассоциация әдісі: Оқушылар "қауіпсіздік" және "салауатты өмір" сөздеріне байланысты ойларын айтады. Негізгі бөлім: 1. Теориялық түсіндіру: Күмәнді жағдай дегеніміз не? Белгісіз адамдармен байланыс. Интернеттегі қауіптер (фейк жаңалықтар, кибербуллинг). Жағдайды алдын ала бағалау және қауіпті болдырмау. Салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын негізгі жолдар: Дұрыс тамақтану, спортпен айналысу. Жеке шекараны сақтау және құрметтеу. Қауіпті жағдайларды алдын алу және көмек сұрау. Практикалық жұмыс : Топтық жұмыс: Әр топқа күмәнді жағдайлар сипатталған мысалдар беріледі (мысалы, бейтаныс адаммен сөйлесу, күмәнді хабарламалар).</p>	<p>Оқушылар тақырыпты сұрақтарға жауап беру арқылы түсінеді.</p> <p>Оқушылар мұқият тыңдайды</p> <p>Әр топ өз шешімін таныстырады.</p> <p>Ситуациялық сұрақтарды шешеді.</p>	<p>Топтық жұмыстағы белсенділік.</p>	<p>Презентация</p> <p>Тақырыптық бейнероликтер.</p> <p>Презентация (қауіпсіздік ережелері туралы).</p> <p>Видеоматериал (күмәнді жағдайлардан қалай сақтану керектігі туралы).</p> <p>Жазу құралдары мен блокноттар.</p>

	<p>Тапсырма: сол жағдайды талдау, қандай қауіп бар екенін анықтау және шешу жолдарын ұсыну.</p> <p>Қорытынды :</p> <p>1. Талқылау: Күмәнді жағдайда неге мән беру керек? Бүгінгі сабақтан қандай маңызды ақпарат алдыңыздар?</p> <p>2. Кері байланыс: Оқушылардан қысқаша пікір сұрау ("Мен білдім... Мен үйрендім...").</p> <p>V. Үй тапсырмасы: "Қауіпті жағдайларда қауіпсіздік ережелері" тақырыбында плакат немесе жаднама жасау.</p>	Сұрақтарға жауап береді.	<p>Оқушылардың идеялары мен ұсыныстарын ұсыну деңгейі.</p> <p>Рефлексия кезінде жауаптарының сапасы.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Оқушылар біз бүгін сіздермен қоғамдасғы өте өзекті екі тақырыппен таныстық, ой бөлісіп, пікір алмастық. Бүгінгі сынып сағатынан алған білімдеріңіз өмірлік азық болады деп тілеймін .</p>	Барлығы бүгінгі сабақта алған әсерлерімен бөліседі.	Бүгінгі сабаққа белсенді қатысқан оқушыларға алғыс білдіріп, мадақтау.	